

ПОЭЗИЯ  
ЖАНА ЗАМАН  
ӘДЕБИЕТІ

БАҚЫТ  
БЕДЕЛХАНҰЛЫ

1 2012  
37 287к



ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫҢ  
ЖАНАРЫ

**БАҚЫТ БЕДЕЛХАНҰЛЫ**

**ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫҢ  
ЖАНАРЫ**

Астана – 2012

УДК 821.512.122-1

~~ББК 84. Қаз. 7-5~~

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды

**Беделханұлы Бақыт.**

**Б 35 Жалғыздықтың жанары.**

– Астана: Елорда, 2012. – 224 б.

ISBN 9965-06-546-2

Тәуелсіз Қазақстанның поэзиясы әлеміне өзіндік қолтаңбасымен келген талантты ақын Бақыт Беделханұлының бұл жинағына соңғы уақытта жазылған өлеңдері топтастырылған.

Әр шығармасынан азаматтық асқақ әуен мен парасаттылық қатар өріліп, құнарлы ойдың жұпары аңқыған жырлары оқырманды еріксіз баурап алары сөзсіз.

УДК 821.512.122

ББК 84. Қаз. 7-5

© Б.Беделханұлы, 2012

ISBN 9965-06-546-2

© «Елорда», 2012

## *Кіндігімді кескен жұрт...*

*«Туғанда дүние есігін ашады өлең  
өлеңмен жер қойнына кірер денең...»*

**Абай**

*Мен осы құрсақтың құрсауынан қу  
тірліктегі құл шағыма жеткенше,  
өзімді бір рет еркін сезініп көрдім бе  
екен? Құрсақта жатқанымда бар  
еркім анамның ақыл-есі мен көңіл-  
күйінде болған шығар. Мен үшін мың  
ойланып, мен үшін мың толғанып,  
мен үшін азапты өмірдің ащы дәмін  
де аянбай татып, шақа жанымды  
ұғынып, шайқап өсірген... Қадірлі, асыл  
ана!*

*Кіндігімді кескенде не үшін шырыл-  
дап жылағанымды шын түсінген тағы  
да сол – анам, сосын, кіндік шешем  
болған шығар, бәлкім?!.*

*Туған Ана! Туған Жер! Туған Ел!*

*Бұл қастарлі де қасиетті үш  
ұғымның ұлылығын ұғынар ұл көп  
болса, қанекей...*

*Кіндігіңді кескен туған еліңнің  
тілімденген алақаны мен тарамыс-*

*тағдыры – көкірегіңді қарсайырып шер шығарады. Кіндік қаның тамған жердің табы табаныңнан өткенде – тас маңдайыңнан бұрқ еткізіп тер шығарады. Ал, оның құдіретін пәруәрдігер пенделердің бәрі бірдей сезіне бермей ме деймін.*

*Кіндігіңді туған топырағыңа байлап, бақидың жолын бағыттаған баба ырымында өмір сүрудің бар пәлсапасы жатқандай. Елім деп еміреніп, жерім деп тебіреніп, тектілігін тегінен алған бабаларымыздың бәрінің кіндігі топырағына байланған еді ғой...*

*Шешем, жаңа туған немерелерінің кіндігін перзентханадан сұратып алып топыраққа көмдіріп жататын. Көмдіріп жатып «Адам туған жеріне...» деп, күрсініп қоятын.*

*Күрсінісінде әлгі бір жылдардағы тағдыр тәлкегімен шетел асып кеткендегі «жат топырақ жастанып қаламыз ба?» деген шерлі күндері бар еді. Әкем біраз ғұмырын аурухананың ауласын тазалап, айналасын гүлдендіруге арнаған еді. Аз жылдар бұрын ғана Алланың аманатын тапсырып, туған топырағын торқа қылды...*

*«Заман бұзылды ма, адам бұзылды ма», қарап отырсам, күніне дүние есігін ашып қаншама сәби перзентханада туылады. Сол бейкүнә сәбилердің кіндігін кімдер кесіп, қайда тасталып жатыр? Әрине, сұрауы жоқ, құны жоқ қан-жынға араласып құрдымға кетіп жатыр. Кесілген кіндігі қан-жынға араласып, қасиеттен жұрдай болған әлгі бейкүнә сәбилердің ертеңі не болмақ?»*

*Қатып қалған қағида жоқ қой. Бірақ, біртүрлі немқұрайдылық пен немкеттілік жыны иектеген дүбәралыққа жаның күйзеледі.*

*Қамшының сабымен гана өлшенетін бес күндік ғұмырдың өзі кіндігіңмен бірге жазаға да кесіледі. Ол жазаның үкімі тас маңдайыңдағы тағдырыңның қолында...*

*Ал, бағанағы кіндігі жоқ балапан-сәбилердің тағдыры кімнің қолында, тағы да болжаусыз болашақ па?*

*«...Ойдың шалын сүйендіріп,  
сөздің асатаяғына,  
шалдар солай сөйлеуші ед баяғыда...»*

*Бірді айтып, бірге кете бермей біртүйеріме келейін.*

*Бабалардың аманатын арқалаған азаматтары арқалы, аналардың*

ақ жаулығындай ақ адал қыздары қылықты Алаш елінің жұлындай жұрты емеспіз бе? «Кіндігімнің жас қаны тамған жерім – ауылым...» деген әнді ойсыз айтып, мұңсыз тыңдаған жандарға жаным ашиды.

Жан демекші, «мына сөзіңнің жаны бар екен..» дейтін қазақы ұғымның астарында «өлең-сөздің патшасы...» паңқарап, бар ғұмырыңның бағдаршамы болып тұратындай құдірет бар-ау. Жанды сөз, жанды өлеңнің, кейде, тауқымет арқалаған тағдыр екенін сезінем. Сезінем де «бесіктей жеңіл өмірді табыттай ауырлатып алмайықшы» дегім келеді!

Мына кіндігі ашылған заманда елін, жерін сатқан, сайтанын семіртіп баққан, кіндіксіз туылып жұмыртқадай шіріп жатқан, тағдырын табыттай ауырлатқан «адамдарды» көрсеңдер, «өне бойынан өлең аңқыған Қазақ болыңдар!» деп айтыңдаршы?!

Автор.

## **Бірінші бөлім**



## ЖОҒАЛҒАН ДӘПТЕР ЖЫРЛАРЫ

*...Бұл өмірдің жар, құзын жағаладым,  
Жүрегімнің жалғызын жараладым.  
Жазығы жоқ жанымды жарға сүйреп,  
Өз анаңның айт, дедім, маған әнін!..*

Ұғындырған ұлылықтың не екенін.  
Құлын шағым кісінесе қырлардан  
Желпілдеген жел боп саған жетемін!  
Құнан кезім күркіресе, күндей боп  
Найзағайдай бір жарқ етіп өтемін.  
Кіндік қаным тамған жердің рухымен  
Жасымастай жалын едім, от едім.  
Өйткені, ол – менің туған Отаным,  
Өйткені, ол – менің туған мекенім,  
Қымтап жатқан еркіндіктің етегін!..

## ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

Қарашада шөп басын жел кемірет,  
Шұнақ аяз шұқшыып, ерге мінер.  
«Қауыс» соңы, аяғы «Боқыраудың»  
Бітпей қалған бейнетің белде жүрер...

Тоң сіресер желтоқсан жебірленіп,  
Жер жериді дүниеден «кебінденіп».  
Ай менен күн алысар «Ақыраппен»  
өлі әлемге қалсам деп өмір беріп.  
Сондайда бір қаласың жеңілденіп...

Ал, қаңтарда «Қырықаяқ», «Тоқырау»  
кеп,

Сере қарда сері аяз отыр-ау, деп,  
Өмірдің суретін сап терезеңе  
Жүреді мұздан өрмек тоқыған боп,  
Ол кезде ешкім ойламас опынам деп...

Ақырып «Ақпан» келер «Тоқпанменен»  
Қысқа күнде жылымас оттан денең.  
Өте шығар бұл ай да ит қуғандай  
Қарлы боран ұйытқап, сокқанменен.  
...Қиқуы тез тиылған көкпар көрем.

«Ұттың» соңы құт болып «Әз» келеді.  
Аққу ұшып, қаңқылдап қаз келеді.  
Әз Наурызда теңеліп күн менен түн  
Жадырап көрінеді жаз бедері.  
Жамырап соны да жұрт мәз көреді.

«От амалы» – Көкек пен Сәуір келіп,  
Балбырайды бар әлем бауыр керіп,  
Өзен, көлдер еріне есінейді.  
Жіңішкеден жуанды тәуір көріп,  
...Тәубәшылға жатады Тәңір беріп.

«Сартан» жайлап Мамырда «Зауза»  
келер.

Жақсылығын дайындап жазға берер.  
Шұрқырап мал өреді беткей асып,  
шыдасаң аз ғана егер...  
Арқа-жарқа болады азбаған ел.

«Мырзасы» бар маусымның – өз уағы,  
Осы ай соңы – мезгілдің сөзуары.  
Шіліңгірдің сүйретіп шылбыр күнін  
Содан соң, «Сарша-сағыз» созылады.  
...Қоңырланып малшының қозы, лағы.

«Үркер» ауып, келгенде «Сарша-тамыз»  
Жұлдыз санап бітеді палшы атамыз.  
«Қыркүйекте» «Масақты» таразылап,  
Жер емшегін созғылап шаршатамыз.  
Өткен күнін өзіне аңсатамыз...

«Қазанменен» көш түзеп ел барады...  
Елмен бірге құс қайтып, көл қалады.  
«Қазан ұрмай, қар жаумай» Қарашаға  
жеткізбей Бұғы мүйізін жел қағады.  
Көңіліңнің басталардай енді аланы.

Төрт мезгілдің біреуін қаза қылмай,  
Қадіріне жетейін таза нұрдай,  
Қарашадан басталған қайран өмір,  
Қарашаға жетсе екен қазан ұрмай!..

\* \* \*

Ешкімнің де болмасын дауы бүгін,  
Тауда тудым, тауда өстім, тау ұлымын.  
Анау, асқар шыңдардың-шығандардың,  
Бірге туған інісі-бауырымын.

Таудан ескен даланың самалымын,  
Сағынышпен күтетін сан ауылым.  
Болашақтың бойына қуат берер,  
Әр ошақтың маздаған алауымын.

Жанған алау жаныңды жай қыла ма?  
Бақ па, сор ма?..

Батайын қай күнәға,  
Қан-жүрегім кетсе де қақ жарылып,  
Қуанышқа ортақпын, қайғыңа да...

Дос жылатып көргем жоқ, жау жаралап.  
Құйындатып кіргем жоқ, дауға борап.  
Қанатымды қағамын көкке ұмтылып,  
Тағатымды табамын тауға қарап.

Таласпаймын талпынып дара шыңға,  
Әркім қалсын өзінің бағасында.  
Заманалар дауылы соққан кезде,  
Тұрсам болды таулардың арасында...

\* \* \*

Менде бәрі бар еді,

...иә,

бергенмін!

Барын аяп қалар дейсің елден кім?

Желіктері басылғанға жел бердім,

Ерік-демі басылғанға дем бердім.

Ана болар асыл жанға жол бердім,

Аға болар жас ұланға қол бердім.

Таусылғанға тағатымды бергенмін.

Қамсыз жанға қанатымды бергенмін.

Шемен болып қатпасын деп шер мен

мұң

Бәрін, бәрін беру үшін келгенмін.

Өйткені, мен – өң мен түстің арасын –

Көлгірсіген жерденмін!

Жерденмін ғой,

мен бір жақтан келгенмін...

білгішсініп, сына мейлің, кем көргін.

Мына өмірдің аптапты азап-отына

өлең үшін көнгенмін!

\* \* \*

Өлең қалқып барады ой-ағында,  
Қос бүйірі бүлкілдеп оятуда.  
Оятуда, біртіндеп бой алуда...  
Өлең қалқып барады ой-ағында!

Денең балқып, жанады жүрек от боп,  
Жан жабырқап қашанға жүдеп өтпек?!  
Ақындарсыз осынау ел мен жерін,

Еміреніп сүйе алар кім өбектеп?  
Жүрегімнен жылжыса жырдың селі,  
Шегірткедей ыршиды мұңның шері.  
Қазағыма қалдырып жүре берем,  
Бір күн пері көңілімді бір күн сері.

\* \* \*

Фәни бір күн сөз алды,  
Сәби күлкім тоналды.  
Ойсыз, мұңсыз шағымды,  
Ойнап жүріп сол алды!

Сөз тізгінін ой алды,  
Мұң үрпиіп ояңды.  
Көзім алды көлкілдеп,  
Көк мұнарға боялды.

Тоқсан толғап тобамды,  
Жүз айтсам да сол – әнді,  
Тағдыр дейтін тас-мойын,  
Бұрылмайтын боп алды.

Содан бергі сонарды,  
Дей алмаймын оңалды.  
Не болғаны белгісіз  
Жоғалғаным жоқ алды.  
Енді менде, не қалды?



\* \* \*

*«...Құстың мойыны бос,  
Жылқының белі бос,  
Адамның көңілі бос...»*  
**(Қазақы қазық)**

Ей, қиялымның қиып түсер сұңқары,  
Алты құрлықты айналғанмен,  
Аспандағы айды алғанмен,  
Күн түбіне сайланғанмен,  
Мойының талса, қайтесің?!

Ай, арманның арғымақ тұлпары,  
Жел желігін қайтарғанмен,  
Желе жортып шайқалғанмен,  
Төрт аяғың тайпалғанмен,  
Белің талса, қайтесің?!

Әй, Адам атаның ұрпағы,  
Асыл рухқа толған денең,  
Айнымастай болғанменен,  
Жүрегі жақын көп жанменен  
Айырылмастай болғанменен,  
Көңілің қалса, қайтесің?!

...Қайткенде де қайран жоқ.  
Қайлаң бар да қайрау жоқ.  
Тарлау барда сүрлеу жоқ.  
Зарлау барда сайрау жоқ.  
Қылша мойын талша жоқ.  
Қанатымды жайған боп,  
Аяғымнан талғам жоқ.  
Шоқырақтаған қайда жоқ,  
Шоқтығымнан тайғам жоқ.  
Өкінгеннен не пайда  
Қысқа жіптей ғұмыр бар  
Күрмеу түгіл, байлау жоқ?!

\*\*\*

«Аспанда Күн жоқ,  
Жерде үн жоқ,  
Арамызда кім жоқ?..»  
Мәукенұлы Нұрлан жоқ!  
Толқын-толқын ойлар жоқ,  
Толғау-толғау жырлар жоқ,  
Жұрт томпияр тойған боп,  
Жүрегінде сыңғыр етер сырлар жоқ.  
Ду-ду еткен думан көп,  
Айтар бар да тыңдар жоқ.  
Ту көтеріп бір-бірін  
Тұғыр болар туған жоқ.  
Біреу өліп жатса да  
Көңілдің түбін ырғау жоқ.  
Шырқырап жаны тұрса да  
Шыққыр да көзде ылғал жоқ.  
Жон арқасын тілсе де  
Жоғын жоқтап, мұндау жоқ.  
«Аспанда Күн жоқ,  
Жерде үн жоқ,  
Арамызда кім жоқ?!»  
Арамызда Мәукенұлы Нұрлан жоқ!  
...Жоқ екен деп тұрғам жоқ,  
Аңсадық абзал ағаны  
Дүние-кезек келгенде  
Бізге де қолын бұлғар деп!..

\* \* \*

Дос көп кезде жалғыздықты жазғырдық,  
Дос жоқ кезде азаптандық, наз қылдық.  
Мені ешқашан сатпаймын деп жылайды,  
Жалғандағы жалғыз досым – жалғыздық.

Басымызды сан сарсаңға салғызды ой.  
Сонда дағы бақыттымыз – бармыз ғой.  
Бәрі де бар – дос та, бауыр, туыс та  
Бірақ, менің жалғыздығым, жалғыз ғой...

\* \* \*

Өлең жаз, дейсіз ғой тағы да,  
түн құшағында жатып.  
Жатқыза қояр ма жанына  
нұрлы шағында – уақыт.

Уақыттың өкпесі күйгендей,  
шаршатты-ау, уәделі жүрек.  
Тірлігі қалды ғой иленбей  
онсыз да бос сөзден жүдеп.

Жүдеген, жүнжіген жүйрігім,  
туласа, бір сойқан бастар.  
Пенденің білсе өзге пиғылын  
жолынан лақтырып тастар.

Шындықты қалды деп шырылдап,  
миымды ашыттың неше?!  
Мен оның шырылын сығымдап  
жүрекке сап қойғам кеше.

Бір өлең жазып ем, жылады  
биліктің білегін сүйіп.  
Күл болып шашылып, құлады  
сол жүрек өртеніп, күйіп.

Махаббат сезімі қайда деп,  
сұрама, бос тұр ғой, кеуде...  
Мәжнүн жоқ, «лэйлитін Лэйлә!» деп,  
тіпті, ұят, бірдеңе деуге?..

Не жаз деп кеп тұрсыз, тағы да  
түн құшағында жатып.  
Қазір жатқызбайды жанына,  
...Нұрлы шағында – Уақыт!.

\* \* \*

Ақындығым арманшыл, кімге міндет?  
Күнде айығып, тазарам, күнде кірлеп.  
Қалай айтам қаймықпай қазағыма  
Мына өмірді сен үшін сүргемін деп?!

Кімге, неге, не үшін қапалымын?  
Кімнен, неден, не үшін жапалымын?  
Кім тартпады тағдырдың қапа-күнін,  
Кім ішпеді тірліктің заһар-уын?

Адаммын ғой мен дағы сендер құрлы,  
Жазғырмандар, бәріне сенген құлды?  
Сен соққандай мені де мына өмір  
Сергелдеңге салды да сенделдірді.

Әркімнің бар бір қиял, бір қайғысы,  
Соны ойлайды, қайнайды, тулайды іші.  
Пері соқты қылатын пенделерді  
Көзі соқыр көңілдің бұл қай құсы?

Дүр-дүние-ай, дүбірің, дүрмегің көп.  
Білгенімнен әлі де білмегім көп.  
Күнде су боп, жүрген соң күнде кірлеп,  
Қалай айтам шын өмір сүргемін деп?  
Ақындығым, әйтпесе, кімге міндет?!

Бұл не деген алдамшы өмір еді!  
Жұрттың бәрі бақытты көрінеді.  
Таңмен бірге таласып.., жанұшырып,  
Қараңғыға қайтадан көміледі.  
Бұл не деген алдамшы өмір еді!..

Арасында солардың мен де бармын,  
Елге бердім, қайтадан елден алдым.  
Алыс-беріс дүниенің ортасында,  
Отқа түстім, су кештім, желде қалдым.  
Жел қақтаған қаңбақтай шөлде қалдым...

Арасында мен солай жүре берем,  
Бір сүрініп, бір құлап, түрегелем.  
Жақсылардың жап-жарық жүрегін бер,  
Тірі жанға жамандық тілемеген.  
Жабығып, жасыса да жүдемеген.

Еш пе, кеш пе,..

кешсе де қанша ғұмыр?

Таусылмайды-ау, адамның аңсары бір!  
Мен де бармын ішінде мынау дүние  
Ұйқысынан оянып салса дүбір!..  
Таусылмасын адамның аңсары бір!  
Бұл не деген алдамшы өмір еді?!  
Төңірегі осылай көрінеді...  
Көрінеді... қайтадан көміледі...  
Ойлағаным, әрине, өңім еді.  
Өмір деген – біртүрлі түсім шығар,  
Түс деген бәлкім, солай өріледі?..

**ДОСБОСЫНОВ  
ОРАЗАЛЫ  
ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫНА**

*Маңфуза – Тағдыр жазылған тақта*

*2004жыл 30 қазан*

...Аға-досым жаралы,  
Іні-досты алқымдап тұр ажалы.  
Арқа тұтып ап қалғанмен ағаны,  
Кетпен таудың жылап тұрды жанары.  
Қас-қағымда қақ айырылып қара жер,  
Қала жаққа хабар кетті қаралы.  
Екі дүние арасында теңселіп,  
...Жаным қалды,

жазығы жоқ..,

жалалы...

Мұңға айналып тіршіліктің бар әні  
Іші-бауырым күйіп-жанып барады!